

**Баянауыл ауылының сәбилер бақшасының қамқоршылық кеңесі отырысының**

**№1 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 30.09.2025жыл

**Қатысқандар:** балабақша басшысы, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Майкенова Жанар Хабидуллаевна, аудандық мәдениет үйінің әдіскері қамқоршылық кеңесінің төрайымы
  2. Жакупова Акмарал Боранбаевна - Аудандық орталық аурухананың дәрігері, қамқоршылық кеңесінің мүшесі
  3. Есмакаева Айзада Исаевна - ата-ана, Баянауыл ауданы тұрғыны, қамқоршылық кеңесінің мүшесі
  4. Рақыш Әсел Қанышқызы - ауыл тұрғыны, кәсіпкер, қамқоршылық кеңесінің мүшесі
  5. Хамитова Акмарал Багадатовна - ардагер ұстаз, қамқоршылық кеңесінің мүшесі
  6. Макарова Бибигуль Барисовна - ардагерлер кеңесі мүшесі, қамқоршылық кеңесінің мүшесі
  7. Саликова Айдана Сыздыковна - Баянауыл ауданы ІІБ қызметкері қамқоршылық кеңесінің мүшесі
- Абжанова Сандугаш Серикбаевна – Баянауыл ауылының сәбилер бақшасының басшысы  
Хатшы: Мурат Булбул –балабақша әдіскері

**Күн тәртібі:**

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
4. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша басшысы С.Абжанова балабақшада ұйымдастырылып жатқан қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері Б.Мурат таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Майкенова Жанар Хабидуллаевна, Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері Б.Мурат тағайындалды.

Үшінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Басшы С.Абжанова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2025 жылдың қыруйек айынан 2026 жылдың мамыр айына дейін төрт отырыс өткізіледі деп шешті. Келесі отырыста балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді, 2015-2026 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзете-дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.


Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша

Тыңдалды:


Балабақша ғимараттарының әртүрлі аумақта орналасуына байланысты туындаған мәселелер туралы. Мәселені Балабақша басшысы хабарлады. Балабақша топтары әртүрлі жерлерде орналасқандықтан, педагогтар, ата-аналар және балалар арасындағы байланыс үдерісі қиындап отырғаны атап өтілді. Бірнеше ғимараттың қашық орналасуы материалдық-техникалық жабдықтарды тасымалдауда қолайсыздықтар туындататыны айтылды. Ата-аналар тарапынан келіп түскен шағымдар туралы сөз етілді. Осы мәселелер бойынша үнемі қамқоршылық кеңес мүшелерінің тарапынан шешім шығаруға, қолдау көрсетуге шақырды.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:**

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып Ж.Майкенова сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы  Ж.Майкенова

Хатшы:



Б.Мурат